

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

(I кезең — конкурстың сырттай іріктеу кезеңі)

1. Жалпы ережелер

Осы техникалық тапсырма агроөнеркәсіптік кешен саласында цифрлық шешімді әзірлеуге арналған жобаларды іріктеу конкурсының бірінші (сырттай) кезеңінде қатысушылар ұсынатын материалдарға қойылатын талаптарды айқындайды.

Конкурстың бірінші кезеңі тұжырымдамалық-талдамалық сипатта болады және дайын бағдарламалық өнімнің немесе аяқталған прототиптің болуын талап етпейді.

2. Бірінші турдың мақсаты

Бірінші турдың мақсаты:

- перспективалы жобалық шешімдерді іріктеу;
- ұсынылатын цифрлық шешімнің тұжырымдамасын, архитектуралық тәсілін және әлеуетін бағалау;
- конкурстың екінші турына қатысу үшін командалар пулын қалыптастыру.

3. Жалпы міндет

Қатысушы Ақкөл қаласының аумағында агротехникалық іс-шараларды қолдауға арналған цифрлық шешімнің тұжырымдамасын ұсынуы тиіс, ол мына деректерді пайдалануды көздейді:

- Жерді қашықтан зондтау деректері (спутниктік түсірілімдер);
- және/немесе ұшқышсыз ұшу аппараттарынан (дрондардан) алынатын деректер.

Шешім ауыл шаруашылығы аумақтарының жай-күйі туралы ақпаратты визуализациялауға, талдауға және жинақтауға арналған картографиялық интерфейсі бар бірыңғай цифрлық платформаны құруға бағытталуы тиіс.

4. Күгілетін шешім тұжырымдамасы

Бірінші тур аясында қатысушы болашақта мына мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алатын болжамды шешімді сипаттауы тиіс:

- ауыл шаруашылығы алқаптарын цифрлық картада көрсету;
- егіс алқаптарының жай-күйін және өзгерістер динамикасын визуализациялау;
- қашықтан мониторинг деректерін талдау;
- басқарушылық шешімдерді қолдау үшін аналитикалық ақпарат қалыптастыру;
- функционалдылықты масштабтау және дамыту мүмкіндігі.

Шешімді мына нысандардың бірінде сипаттауға жол беріледі:

- тұжырымдама;
- архитектуралық схема;
- идея деңгейіндегі PoC / MVP;
- демонстрациялық материалдар.

5. Өтінімнің мазмұнына қойылатын талаптар (I тур)

Қатысушы келесі бөлімдерді қамтитын материалдарды ұсынуы тиіс:

5.1. Қатысушы туралы ақпарат

- компанияның / команданың атауы;
- байланыс тұлғасы (Т.А.Ә., электрондық пошта, телефон);
- команданың қысқаша сипаттамасы, тәжірибесі мен құзыреттері.

5.2. Шешімнің сипаттамасы

- шешімнің атауы;
- идеяның қысқаша сипаттамасы (1–2 абзац);
- шешім агроөнеркәсіптік кешен саласында қандай міндеттерді шешеді;
- жүйенің болжамды пайдаланушылары.

5.3. Техникалық тұжырымдама

- шешім архитектурасының жалпы сипаттамасы;
- болжамды дереккөздер (спутниктер, ҰҰА, сыртқы дереккөздер);
- пайдаланылатын немесе жоспарланатын технологиялар;
- деректерді өңдеу және талдау тәсілі.

5.4. Функционалдық мүмкіндіктер

- платформаның негізгі функциялары;
- картографиялық және аналитикалық функционал;
- ықтимал пайдалану сценарийлері.

5.5. Құндылық және әсер

- шешімді енгізуден күтілетін әсер;
- ықтимал тиімділік көрсеткіштері (KPI);
- баламалы тәсілдермен салыстырғандағы артықшылықтар.

5.6. Іске асыру жоспары

- шешімді іске асырудың негізгі кезеңдері;
- шамамен мерзімдер;
- қажетті ресурстар.

6. Жобаның презентациясы

Қосымша түрде қатысупшы жобаның негізгі аспектілерін қамтитын көлемі 10–15 слайдтан тұратын PDF немесе PowerPoint форматындағы презентацияны ұсынады.

7. Бірінші турдың шектеулері

Бірінші тур аясында:

- дайын бағдарламалық өнімді әзірлеу талап етілмейді;
- нақты дереккөздермен интеграциялау талап етілмейді;
- демонстрациялық, тестілік және шартты деректерді пайдалануға жол беріледі.

8. Материалдарды ұсыну мерзімдері

Бірінші турдың материалдары 2025 жылғы 23 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) конкурс ұйымдастырушысының электрондық поштасына жіберілуі тиіс.


9. Бірінші турдың нәтижесі

Ұсынылған материалдарды бағалау қорытындысы бойынша конкурстық комиссия:

- кемінде үш (3) қатысушыны іріктейді;
- конкурстың екінші турына жіберілген командалардың тізімін қалыптастырады.

Келісілді:

Тронов О.О. 

Камарова А.Э. 

Абдхамидов К.Н. 

Мухаммедкаримов А. 